

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақы белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2026 жылғы 13 ақпандағы № 520 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің "Мұғалжар аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жастар арасында дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджеттен ынталандыру үстемақысы 30 (отыз) пайыз көлемінде белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Мұғалжар аудандық мәслихатының төрағасы

К. Ермағамбетов